

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОЙЫННЫҢ РОЛІ

2 «Д» сынып мұғалімі Досанова Салтанат Болатовна

№30 ЖББ мектебі, Жәйрем кенті, Қазақстан

Қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты – оқушылардың адамгершілік қасиеттерді саналы түрде сезінуі және сабақ-ойын процесінде достық қарым-қатынастарын қамтамасыз етуімен сипатталынады. Жалпы білім беруде орта мектептің бастауыш сынып оқушыларына сабақта және сыныптан тыс жұмыстар арқылы адамгершілік қасиеттердің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына және дүниеге деген көзқарасын, ой-өрісін адамгершілік санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагог ғалымдардың зерттеулері бойынша қазіргі таңдағы адамгершілік тәрбие берудің негізгі міндеттерін былайша тұжырымдауға мүмкіндік береді:

- негізгі адамгершілік ұғымдарды түсіну арқылы адамның болмысына ықпал жасауы;
- адамгершілік қасиеттерді жоғары мәдениетті дамытудың негізгі міндет көздерінің бірі деп түсіну;
- адамгершілік тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін пайдалануға байланысты қолданбалы білімдерді, дағдыларды және іскерліктерді меңгеру, қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға байланысты дұрыс шешім қабылдау және қағидаға теріс әсерлерін түзету;
- қоғамға залал тигізбейтін нормаларды саналы түрде сақтау;
- адамдармен қарым-қатынас жасауға деген рухани қажетсінуін дамыту, оның жан-дүниесін сезінуі.

Бұл жағдайда ойын әрекетінің шығармашылық сипаты мынадан көрінеді: бала өзіне алған рөлдің бейнесіне түгелдей еніп және ойынның шындығына кәміл сеніп, ерекше ойын өмірін жасайды, ойын барысында шынымен қуанады немесе ренжиді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандырады. Олай болса жүйелі түрде ойынға сипаттама берген

Е.А.Покровский былай дейді: «Ойын туралы түсінік әр халықта әр түрлі мағынада түсіндіріледі. Ежелгі грек елдерінде «ойын» балаларға тән қасиет, еврей халқында «ойын» күлкі, қалжың дегенді білдірсе, римдіктерде қуаныш, көңіл көтеру дегенді білдіреді. Санскрит тілдерінің түсінігінде «ойын» – қуаныш деген мағынаны білдіреді. Ал неміс халқында «ойын» – жеңіл қимыл-қозғалыс және ойыннан қанағат алу. Жалпы еуропалық тілде «ойын» кең көлемде түсіндіріледі». Ғалымның айтуынша, ойын деген – біріншіден, адамның іс-әрекетте болуы, екіншіден – адамдардың рахат сезіміне бөленуі, көңіл көтеруі. Балалар ойыны дами отырып, үлкен театр сахнасында көрсетілетін ойындарға жалғасады.

Психолог Д.Б. Эльконин «Балалар психологиясында мұғалім қай баланы кіммен дос болуына жоспар жасай алмайды, дегенмен оған жағдай жасайды, дайындайды» деп айтқаны да шындықпен жанасады. Демек, балалар үлкендерден үлгі алады. Сондықтан мұғалімдер мен ата аналар және отбасы мүшелерінің арасында жолдастық қатынастар болуы қажет. Балалар үлкендерге, жан-жағындағыларға еліктеп, олардың әрекеттерін бойларына сіңіре өседі. Тәрбие деген – шындығында осы. Сөзбен ауызша айтудан гөрі, үлгі болу арқылы берілген тәрбие анағұрлым тиімдірек болады.

Ғылыми-педагогикалық тұрғыдан баланы ұжымда тәрбиелеу мәселесінде кезінде көрнекті педагогтар ерекше мән берген. Балалардың сүйікті ойыны – дидактикалық ойындар, серуенге де бірге шығады, бір біріне көмектеседі. Олардың достығы төрт-бес жастан ойын арқылы басталады да, кейін мектепке барғанда күрделі сипат алады. Осылайша, бір-біріне деген достық қарым-қатынастың нәтижесінде өздеріне өздері талап қойғыш, жалған сөзді жек көретін достардың жеке басының сапалық қасиеттері осылайша тәрбие жұмысын бақылаудың негізінде тәрбиеленді. Сондықтан тәрбие жұмыстары (ойын) әртүрлі, түрлендіріп жүргізілген жағдайда балалардың өзара достық қарым-қатынасы табысты болмақ. Ойын процесінде балалар бірін-бірі жақсы танитын болады.

Баланың елге, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, ата-анасына, туған жеріне, өз қаласына, ауылына, отбасына, туған-туыстарына, халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнерін, ойынын, ана тілін, тарихын, шежіресін біліп үйренуге тәрбиелеу ойын процесінде жүзеге асады. Осының негізінде адамгершілік тәрбиесін бірнеше топқа бөліп қарауға болатынын байқадық:

- жасөспірімдердің бойында адамгершілік тәрбиесі туралы түсініктерін, мінез-құлық нормаларын, қарапайым мінез-құлық дағдылары мен ойын қалыптастыру;

- адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін кешенді түрде ойын әрекеті барысында, ұжымдық жағдайда іске асыру;

- адамгершілік тәрбиесінің мазмұны балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен санасын ойын элементтерін, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру болып табылады;

- бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен әдістемесіне адамгершілік тәрбие беретін материалдарды ендіру жолдарын біртұтастық жүйеде қарастырылуы тиіс.

Сабақ және сыныптан тыс жұмыстарда адамгершілік тәрбиесіне байланысты материалдарды тиімді пайдалануда, адамгершілікке тәрбиелеуді қамтамасыз ету және ойын материалдарын жиі қолдану керек. Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың ойын әрекеті мен мінез-құлқынан, тәрбиесінен көрініс табады, ойын арқылы қалыптасады.

Қорытындылай келе, сыныптан тыс жұмыстар оқу-тәрбие жұмысының құрамды бөлігі болып табылады, оның негізгі мақсаты балаларды ойын арқылы жан-жақты дамыту болып табылады. Сондықтан оның негізгі міндеті бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын қалыптастырып, бұлардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Покровский Е.А. Первоначальное физическое воспитание детей. – М., 1895. - С. - 308.
2. Эльконин Д.Б. Психология игры. – М., 1990.